



Автор: Жапакова Жанар Мырзабаевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика
Тақырып: Тәуелсіздік таңы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы қажетті ақпаратты табу, астарлы ойды анықтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Қазақстан Республикасы туралы түсініктерін кеңейтеді. Отан өзінің тұратын, өмір сүретін жері ретінде түсінеді. Егеменді ел жетістіктері туралы танысады. Оқушылардың басым бөлігі: Туған елі, Отаны туралы оқушының сөйлеу дағдыларын қалыптасады, сөздік қоры молайады. Кейбір оқушылар: Өз елінің экономикалық дамуын басқа елдермен салыстыра алады.
Тілдік мақсаттар:	Негізгі сөздер мен тіркестер: Егемен, зайырлы, тәуелсіз
Күтілетін нәтиже:	оқиғаларды түсінеді, қарапайым сөйлеу үлгілері арқылы айтады. Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): сабақ жазбаша, ауызша жұмыстарды орындайды, мәтін ішінде берілген ақпаратты түсінеді, қолдана алады. Оқушының жоғарғы жетістігі(ОЖЖ): тақырып аясында жаңа сөздерді сөйлем ішінде қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): тыңдау-көру материалда баяндалатын оқиғаларды түсінеді, қарапайым сөйлеу үлгілері арқылы айтады. Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): сабақ жазбаша, ауызша жұмыстарды орындайды, мәтін ішінде берілген ақпаратты түсінеді, қолдана алады. Оқушының жоғарғы жетістігі(ОЖЖ): тақырып аясында жаңа сөздерді сөйлем ішінде қолдана алады.
Құндылықтарды дарыту:	« Мәңгілік ел» құрмет ынтымақтастық жауапкершілік өз елінің табиғатының қастерлеу өмір бойы білім алу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта аудиовизуалды материалды демонстрациялауға қолданылады.
Пәнаралық байланыс:	қазақстан тарихы
Бастапқы білім:	кіріспе

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру бөлімі: - Амандасу. - Оқушыларды топқа бөлі (оқушылардың деңгейлеріне қарай бөлінеді. АБС. Үздік, жақсы, қанағаттанарлық оқитын балалар болып) II. Кіріспе. а) Тарихқа тоқталу. Алматы қаласы. 1986 жылдың 17 желтоқсанында таңғы сағат 8-де Брежнев алаңына (қазіргі Жаңа алаң) жастардың алғашқы тобы келді. « Қазақстанды өз ұлтынан шыққан басшы басқарсын!», « Қазақстанды әркімге билетпейміз!» т.б ұрандар жазылған. 17-нен 18-не қараған түні алаң айнала қоршауға алынды. Жастардың жүздерінде үрейдің ізі де білінбейді. Бір кезде өрт сөндіретін машиналар көрінді. Жастардың үстіне су шашып, жаңбырдай боратты. Милиционерлер әуелі шерудің алдыңғы сапында жүрген қауіпті белсенділерін күшпен алып кетіп жатты.Күрек, сойыл, арсылдаған иттер пайдаланылды. Желтоқсан оқиғасының бас қаһармандары Ләззат Асанова мен Қайрат Рұсқұлбеков.Бұл екі қаһарманды айта кетпеу мүмкін емес. Жұмаш Кенебаевтың Желтоқсанға арналған өлең жолдары Желтоқсан желі өлең жолдары ән тыңдау (1 минуттік үнсіздік) Тәуелсіз ел атандық Биік даңқың Бар әлемге әйгілі Мәлім атың Ата-баба қанымен Келген бізге Тәуелсіздік құт болып. Қонды елге. Әнұран орындалады	әнұран

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>«Теріс орындық» әдісі (әр топтан 1 оқушыдан шығады, олар орындыққа отырады оқушыларға қарап, артынан сурет көрсетіледі. Оқушыларға сұрақ қою арқылы жасырылған суретті табады. Суретті көріп отырған оқушылар сұраққа иә немесе жоқ деп ғана жауап бере алады) Презентация көрсетіледі (Тәуелсіздік мақтанышым тақырыбында слайд көрсетіледі, осы слайдқа тапсырмалар беріледі әр топқа. Тапсырмалар балалардың деңгейлерін ескере отырып беріледі.)</p> <p>Барлық оқушыларға (Рухани жаңғыру бөлімінің түсіндірмесі жазылған, бөлім атаулары әріптері ауысқан 3 мин ішінде атауларды табу қажет, слайд соңында бар) А деңгейлі топқа. Көрші жатқан 2 ел экономикасымен танысып ВЕНН диаграмасын құрады Қазақстан, Өзбекістан, Қырғызстан Б деңгейлі топқа. (жұптық жұмыс беріледі, бұл жерге екі тапсырма қойған себебім бір тапсырманы ерте орындап қойса оқушылар бос отырып қалмасын деген оймен қойдым)</p> <p>I) «Сұрақты тап» әдісі (Топқа 4 жауап нұсқасы бар қағаз таратылады, жауапқа қарап сұрақты табу керек)</p> <p>1 топ. Қазақстан 1.9 -шы орында 2. Туған жер 3. Астанасы Астана 4. Менің ауылым Мәдениет 2 топ. Назарбаев 1. Патша 2. Теміртауда жұмыс істеген 3. Оның атында мектеп бар 4. Әнұранның авторы</p> <p>II) «Сандар сөйлейді» әдісі</p> <p>1) $3800/2+91 = 1991$ (Тәуелсіздік алған жыл)</p> <p>2) $996*2+3 = 1995$ (Жаңа конституция қабылданған жыл)</p> <p>3) $(45*2)/90 = 1$ (1 желтоқсан ҚР тұңғыш Президенті күні)</p> <p>1) $4000/2-8 = 1992$ (ҚР Рәміздері қабылданған жыл)</p> <p>2) $800*2+393 = 1993$ (ҚР ұлттық ақшасы нарыққа енген жыл)</p> <p>3) $(15*3)-29 = 16$ (16 желтоқсан тәуелсіздік күні)</p> <p>С деңгейлі топқа (ҚР картасы беріледі, картаға қарап қалаларды атын жазып олардың орналасу жерін атайды/немесе жазады.</p> <p>Мысалы Астана қ. Орталықта немесе Солтүстікте орналасқан ба?</p> <p>Және картамен жұмыс істей отырып көршілес мемлекеттерді атайды)</p> <p>Сергіту: видео ролик көрсетілерді</p>	
Сабақтың соңы	<p>«Құпия хат» әр түрлі фигуралар тізбегі оқушыларға таратылады. 1. Сабақта қандай бөлімді қарастырдық? 2. Оқу мақсатына жету үшін біз қандай іс-әрекеттер жасадық? 3. Жұптық жұмыс түрінен алған әсеріңізбен бөліссеңіз? 4. Сөздік қорын қандай жаңа сөздермен толықтырдық? 5. Жеке жұмыс қаншалықты қиын болды? «Бес саусақ» кестесін толтырады</p>	
Рефлексия	Рефлексия Бүгінгі сабақ мен үшін?..... Ертеңгі сабақтан күтерім?	